

Қазақ дүниетанымындағы кеңістік пен уақыт түсініктерінің қалыптасуы

Айнур Р.Жанғалиева^{1*}, Жылбек М. Жаңабаев²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²С.Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан

Корреспонденция үшін автор:

¹abr83.83@mail.ru

²zhylbek.zh_82@mail.ru

¹<https://orcid.org/0000-0001-5051-5844>

²<http://orcid.org/0000-0002-9385-208X>

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-143-2-152-166>

Аңдатпа. Қай тарихи кезеңде, қандай өркениеттік құрылымда болмасын философиядағы кеңістік пен уақыт мәселесі ортақ маңызды мәселелердің бірі ретінде қарастырылып келеді. Біздің дүние туралы бейне-көрінісіміздің негізінде кеңістік пен уақыт жатыр. Мақалада қазақ дүниетанымының мазмұндық құрылымында тарихи-философиялық айрықша орын алатын кеңістік пен уақыт мәселелері зерделеніп, сараптама жүргізіліп, олардың типтік ерекшеліктеріне пайымдаулар жасалады. Сонымен қатар, кеңістік пен уақыт формаларының көшпелі өркениет пен дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі бағыттарына көңіл аударылады. Қазақ халқының дүниетанымындағы кеңістік пен уақыт ұғымдары түрлі мысалдар арқылы нақты түсіндіріліп, халқымыздың ұлттық пайымындағы және күнделікті өмірдегі қолданысы айқындалады. Қазақ халқының дүниетанымындағы (заман, зар заман, дүние, көшпенділік дәстүр, өмір, т.с.с.) уақыт пен кеңістіктің негізгі динамикасы ашылады. Қазақ ойшылдарының болмыстағы кеңістік пен уақытқа тән ерекше көзқарастарының болуы зерттеу мәселесін өзектендіріп отыр. Ежелгі қазақтардың өздеріне тән уақыт пен кеңістік өлшемдері болғаны нақты мысалдар арқылы көрсетіліп, оларға философиялық талдау жасалады. Мақалада кеңістік пен уақыт категорияларының қолданысындағы теңеу, сәйкестендіру ерекшеліктері талданады. Қазақ халқының көшпенді өмір сүруінің негізі ретінде кеңістік пен уақыт категорияларының алатын орны анықталады. Тақырыптың өзектілігі кеңістік пен уақыт категорияларының қазақ дүниетанымындағы қолданысы мен ерекшелігі түрлі мысалдар арқылы түсіндіріліп, адамзат дамуындағы рөлі мен маңызы философиялық тұрғыдан жан-жақты ашып көрсетіледі.

Түйін сөздер: қазақ халқы; дүниетаным; кеңістік; уақыт; заман; кезең; сана; дәстүр; алеумет.

Received 22 January 2023. Revised 25 January 2023. Accepted 31 January 2023. Available online 15 February 2022.

For citation:

Zhangaliyeva A.R., Zhanabayev Z.M. Formation of concepts of space and time in the kazakh worldview // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2023. – Vol. 143. – № 2. – p. 152-166. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-143-2-152-166>.

Для цитирования:

Жанғалиева А.Р., Жанабаев Ж.М. Формирование представлений о пространстве и времени в казахском мировоззрении // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2023. – Т. 143. – № 2. – С. 152-166. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-143-2-152-166>.

Кіріспе

Әр халықтың, әр ұлттың жаратылысқа деген қатынасы, дүниетанымы, көзқарасы, дүниені тану жолдары әртүрлі. Яғни дүниені тану әлемдегі адам болмысын, оның дамуын, өзіндік тұжырымын танумен, түсінумен, әрекет етумен байланысты болады. Қазақ халқының негізгі дүниетанымына келсек, ата-бабаларымыз ежелден көшпелі ғұмыр кешкен. Табиғаттың қыр-сырын жан-жақты терең ұғыну, шеті мен шегі жоқ кеңістікте мал бағу, жазда жайлауға, қыстақыстауға көшіп-қону ата-бабаларымызға тән қасиет. Көшпенді өркениет, көшпелі өмір салты оларды айнала қоршаған ортаға өзгеше көзбен қарауға үйретті. Табиғаттың қатал сынына төтеп бере жүріп, үлкен сабырмен, өздеріне ғана тән тіршілік қамын жасап, қиыншылықтарға қарсы тұруға үйренді. Осыдан барып даналық, таным, дүниетаным ұғымдары қалыптасады.

Қазақ дүниетанымындағы кеңістік пен уақыт категорияларының маңызы олардың тұрмыстық өмірінен айқын байқалады, нақты көрінетіні рас. Көшпелі дәстүрді ұстанған қазақ халқы ең алдымен уақыт пен кеңістікке қатысты таным түсініктерін қалыптастырып, өздерінің тіршілік болмысына арқау етіп, байланысын тапты. Көшпенді халықтың қозғалысы уақытпен үндес. Философияда уақыт дегеніміз – қозғалыс. Бұл қозғалыс – кеңістік ішінде жүйелі қайталанып отыратын қозғалыс. Көшпендінің санасы, тарихи жады үнемі қозғалыста, үнемі жаңғыру, жаңару үстінде. Себебі, ол уақыт пен кеңістік ішінде қозғалыс арқылы атақоныс жайлауларын аралаумен болады. Бұл мекендер оның тар мағынада бүкіл өмірінің куәсі: балалық, бозбалалық, жігіттік дәурені өткен жері, үйленген, әке болған, қыз құған, айтысқан, көкпар тартысқан, ту тігіп дұшпанға қарсы аттанған жері, айнала тегіс руластар одағының таңбаларымен белгіленген. Өздері мекен еткен, тұрақтанған кеңістіктің барлық қадір-қасиетін танып білу, сол кеңістіктегі құбылыстарды уақытпен байланыстыра зерделеуге қалыптасу көшпелі қазақ халқы үшін өмір сүрудің негізгі кепілі болды. Дәстүрлі дүниетанымымыздың негізгі универсалийлері философия ғылымындағы

терең түсінік беретін – кеңістік пен уақыт сакральды орталық ұғымдар. Бұл ұғымдарға жекелей анықтама берер болсақ, материя (табиғат) кеңістік пен уақытта өмір сүреді.

Уақыт дегеніміз заттар мен құбылыстардың өмір сүруінің ұзақтығын, олардың әртүрлі жағдайының ауысуын білдіреді. Бұл – оқиғалар ағымы. Платонның сөзімен айтсақ «мәңгіліктің қозғалу бейнесі». Әр түрлі материалдық объектінің өз уақыты бар, сондықтан физикалық, әлеуметтік уақыт болады. Философиялық талдауда уақыттың үш өлшемі бар: қазіргі, кешегі және болашақ. Уақыт ұдайы алға ұмтылады, ешнәрсе, ешкім оның объективті бағытын өзгерте алмайды. Оны тоқтатуға болмайды, тоқтату мүмкін емес. Қоғамдық өмірде уақыт ағысы жылдам, көз ілестірмейді және күрделі. Ол адамның іс-әрекетімен тығыз байланысты. Адамның күнделікті, тоқтаусыз тіршілігімен байланысты. Уақытша деген ұғым өткіншілікті, жоғалып кетуді білдіреді. Керісінше мәңгілік ұғымы ұдайылықты, ұдайы болып отыруды меңзейді. Адам өмірі биологиялық тұрғыдан өткінші. Сондықтан ойлы адам өз өмірінің жүгіртпе уақыттарына жоғарыдан қарай алмайды. Ол өзінің бұл дүниедегі өткінші жағдайын жақсы түсініп, өз өмірінің мән-мағынасы, мақсаты туралы ойланып, толғанады. Философияда әлеуметтік уақыт адамдардың өз іс-әрекеті нәтижесінде пайда болып отыратын қоғамдық процестер мен қатынастарының белгілі бір тарихи дәуірдегі тынысын білдіреді. Философия мен мәдениет тарихында, ауыз әдебиетінде уақыт үлкен құндылық ретінде бағаланады. Уақыт – кең ауқымды жалпы ұғым. Оған бірқалыптылық, өзгермелілік және тұрақсыздық тән. Уақытқа тән тағы бір ерекшелік оның бір бағыттылығында, яғни уақыт тек алға бағытталған, ал кері бағыттылық уақыт болмысына мүлде жоқ, ол уақытқа жат ұғым. Алайда уақыт дәлділікке негізделген адам тұрмысының сандық көрсеткіш қызметін де атқарады. Уақыт әрбір адамның өміріндегі маңызды орын алатын өз құпиясын өзімен бірге алып келе жатқан құбылыс.

Кеңістік – заттар мен құбылыстардың бір-бірімен қатар орналасу, өзара

әрекеттесу ретін білдіретін философиялық ұғым. Дүниедегі заттардың барлығы да, кеңістікте орналасқан. Кеңістіктің негізгі бірліктері – нүкте, көлем, ұзындық, қашықтық. Кеңістік объективті, өйткені ол материяның ажырамас қасиеті. Кеңістіктің үш өлшемі бар, ол ұзындығы, ені және биіктігі. Бұл өлшем тек заттық формаға ғана тән емес, әр түрлі процестерге де тән. Уақыт пен кеңістік бір-бірімен тығыз байланыста болғандықтан, уақыт оның төртінші өлшемі болып табылады. Кеңістік пен уақыт туралы ұғым мифтік дәуірдегі дүниетанымдық жүйесінің негізгі түпқазығы болып табылады.

Уақыт пен кеңістік мәселелері адамдарды тек рационалистік тұрғыда ғана емес, эмоционалдық деңгейде де үнемі қызықтырып отырады. Адамдар өздерінің өткеніне өкініп қана қоймайды, болашаққа күдікпен қарайды, өмір бар жерде өлімнің бар екенін біледі. Адам баласының ең таңдаулы ойшылдары өмір бойы кеңістік пен уақыт мәселесімен айналысумен болды, алайда санаулысы ғана өздерінің теорияларын жасап, болмыстың іргелі атрибуттарына сипаттама бере алды. Біздің дүние туралы бейне – көрінісіміздің негізінде кеңістік пен уақыт жатыр.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ұсынылып отырған мақаланың зерттеу әдіснамасы – дәстүрлі қазақ мәдениетінің кеңістік пен уақыттың рәміздік негіздерін айқындау болса, зерттеу объектісі ретінде ұлттық дүниетанымның дәстүрлі үрдістері алынды. Қазақ халқының дүние сезімі мен дүниетанымының ерекшеліктері, әрине ол өмір сүрген табиғаттың, соған бейімделіп қалыптасқан шаруашылық формалары, өмір салтының жүйелерімен тығыз байланысты болса керек. Жоғарыда айтылған тұрғыдан бұл мәселеге көз жіберсек онда біздің ата-бабаларымыз таңдап алып, өз Отанына айналдырған жерлер мал өсіруге лайықты, табиғаты қатал, суы тапшы, сонымен қатар өрісі кең, малдың соңында көшіп-қонуға мол мүмкіншілігі бар кеңістікте орналасқан болатын. Ал табиғаты жұмсақ, суы мол

жерлерде халық жерге тұрақтанып, егін етіп, қолөнерін дамытып, қалалар тұрғызды. Оған мысал ретінде орта ғасырлардағы Жібек жолы бойында орналасқан Отырар, Мерке, Құлан, Талғар, Алматы және т.с.с. қалаларды айтуға болады. Бұл кеңістік пен уақытты талап етіп тұрған үлкен мәселе екені анық.

Кеңістік пен уақыт категорияларын зерттемеген ғалымдар жоқтың қасы. Бұл тақырып тек философияда ғана емес, әдебиет, тарих, т.с.с. ғылымдар негізінде көптеп қарастырылып, зерттелді. Философиядағы зерттеулерге көз жүгіртсек, Демокриттің бос кеңістігі, теософиялық ілімдерде кеңістік құдайдың сезім тұрағы ретінде түсінілді. Канттың түсінігіндегі трансценденталдық жүйеде кеңістік пен уақыт жай қабылдаудың априорлық формасы дәрежесіне дейін көтерілді. Қазіргі философияда кеңістік пен уақыт болмыстың құрамдас бөлімі ретінде алынады.

Бұл ұғымдарға философиялық әдебиетте жеткілікті анықтамалар берілгенімен, зерттеу мақсаттары бойынша кеңістік пен уақыттың түсіндірмелері де әртүрлі. Кез келген нақты объект өзге объектілерден белгілі бір қашықтықта орналасып, белгілі бір орынды иеленеді, белгілі бір форманы қабылдайды және үш өлшемді көлемде болады. Кейбір зерттеушілердің пікірлері бойынша кеңістіктің үш өлшемділігі, бөлімділігі туралы түсініктердің адамға іштей тән екендігі, оның «біздің қанымызда екендігі» оның алдын ала болатындығы, оның бұдан кейінгі құрылымдардың негізінде жататындығы туралы болжамдардан туындайды.

«Өмір философиясы» ағымындағы уақыт проблемаларын ұғынуға алғаш рет тырысқандарға – ғылымда анықталмаған «нағыз ақиқатқа» (табиғи уақыт концепциясы), «өмір уақытына», өмірлік ағыстың «ұзақтығына» және т.б. назар аудару тән. Егер И. Канттың «меніне» трансцендентальды – идеалды «ішкі сезімнің» өзгермейтіндігі барабар болса, оның үстіне «ақылдың еркін себептілігі» уақыт атаулыны жоққа шығарса, А.Бергсон керісінше, еркін себептілік, уақыт

ұзақтығының әр түрлі сапада болатынын және уақытты іштей сезінуден тыс, адамның есінен тыс, «шексіз көптеген мүмкіндіктері» болатын болашақтың идеяларынан тыс болмайтынын ескертеді (Бергсон, 1910: 207).

В. Дильтей уақыт туралы адамға тәуелсіз ағым ретіндегі түсінікті қабылдауға мәжбүр, басқаша болған жағдайда болашақ пен өткеннің аспектілері тұрғысынан алғанда әртүрлі сападағы уақытты сезінудің негізі жойылады. Өткен дегеніміз бізден мүлде тәуелсіз нақты шындық, болашақтың, керісінше, таңдау, белсенділік, шығармашылық мүмкіндіктері бар. Дильтей белгілеп берген уақыт мәселелеріне деген көзқарас, оның жақтастары тарапынан кейде субъективтік, кейде объективті-идеалистік реңге боянған бағыттарды тұрғызуда, ал көпшілігі екеуін де ұштастырады.

Жалпы алғанда, жоғарыда берілген анықтамалар бойынша, кеңістік деп заттар мен құбылыстардың бірінің жанында бірінің орналасуын айтамыз, ал уақытқа келер болсақ, ол – дүниедегі болып жатқан оқиғалардың бірінің соңынан екіншісінің келуі, сонымен қатар тоқтаусыз, үздіксіз болуы. Зерттеушілер «кеңістік» пен «уақыт» категорияларын олардың әлеуметтік-мәдени түсіндірмесі тұрғысынан, идеологиялық, аксиологиялық, эстетикалық қабылдау тұрғысынан мәдениеттердің қатары тұрғысынан қаралуы тиіс деп есептейді. Уақыттың қабылдануын айқындайтын аса маңызды фактор өндірістің, әлеуметтік процестердің, рухани мәдениеттің тасымалдануы болып табылады.

Кеңістік пен уақыт туралы мәселе негізгі мәселелердің бірі болып отырғандықтан, қазақ философтарын да толғандырмай қоймайтыны анық. Қазақ халқының сан ғасырлық философиялық тарихында кеңістік пен уақыт ұғымдарының алатын орны ерекше және ол қазіргі жаһандану дәуірінде елімізде өзінің өзектілігін жоғалтпай келеді. Өйткені әрбір мәдениет, өркениет, тәуелсіз мемлекет, этникалық қауымдастық өзінің уақыты мен кеңістік болмысын барынша сұрықсыздандыратын, түрсіздендіретін рухани аймағын сүреңсіздендіретін жаһандық процестерден

шынайы кейіпте қорғанып, рухани құндылықтарын сақтағысы келеді. Бұл мақсатқа жету үшін қазіргі кезеңде кеңістік пен уақыт ұғымдарының философиялық тұрғыдан талдануы ғылыми мәртебеге ие бола бастағанынан байқалады. Кеңістік пен уақыт мәселесінің түрлі қырлары Ғ.Ғ. Ақмамбетовтың, Ж.А. Алтаевтың, Н.Ж. Байтенованың, Т.Бурбаевтың, Ғ. Есімнің, А.Қ. Қасабектің, М.Ш. Хасановтың, Ж.Ж.Молдабековтің, Қ.Ш. Нұрланованың, С. Мырзалының, С.Е. Нұрмұратовтың, Н. Шаханованың және т.б. еңбектерінде философиялық тұрғыда зерттелген (Кішібеков, 1999:112).

Кеңістік пен уақыттағы адам болмысының қыр-сырын аша түсу мәселесі үнемі ғылыми тереңдікті, шынайы сезімді қажет ететін құбылыс. Өйткені адам табиғаты өзінің күрделілігі жағынан дүниеде ешқандай нәрсемен салыстыруға келмейді. Жалпы, адам өмірінің мәнін ашу, мағынасын көрсету алдағы уақытта жалғасын таба беретін ғылыми ізденістердің қатарына жататыны белгілі. Негізінен алғанда, жаңа дәуірге – машиналық индустрия пайда болғанға дейін қазақ жеріндегі ең тиімді шаруашылық формасы көшпенді мал шаруашылығы болды. Сондықтан біздің арғы бабаларымыз мыңдаған жылдардың шеңберінде осы шаруамен айналысты. Ол, біріншіден, табиғатқа бас июді, оған табынуды талап етті, табиғатты өз еркіне сай етіп қайта өзгертуге тырыспады, табиғат заңдылықтарына бағынды. Сондықтан ежелден қазақ халқының экологиялық санасы биік деңгейде болды. Оны қазақтың мақал-мәтелдерінен, өлең-жырларынан анық көреміз. Мысалы, «Кім жерді бағалайды, жер оны асырайды», «Ағашты кесу оңай, орманды өсіру қиын», «Шананы жазда, арбаны қыста дайында», «Отпен ойнама, суға сенбе», «Ағаш үлкен болса – тиіспе, кішкентай болса – күт, жоқ болса – өсір», «Табиғат бергенді сабынмен де кетіре алмайсың», «Ағашты кесу – 5 минут, өсіру – 100 жыл», «Қара жерден ақ нан туады», «Бұтақты күтпесең, ағашты көрмейсің». Беріліп отырған мақал-мәтелдерде адам баласының тіршіліктегі кеңістік пен уақытқа байланысты өмірі, әрбір күні мағыналы болуы үшін өзі өмір

сүріп отырған мекенін, жерін, ауасын, суын қадір тұту, тәрбиелік, адамдық, кемелдікке жетелеп тұрғаны айқын көрініп тұр. Екіншіден, бабаларымыз көшпенді мал шаруашылығымен айналысып, еркін көшіп қонып жүргендіктен, еркіндік, бостандықты қатты бағалаған. Үшіншіден, көшпенділік теңдікті талап етеді.

Қазақтың дүниетанымында адамның жаратылысы, оның өмірі туралы мифтер өлім және о дүниедегі желісі бар өмір жайындағы ұғымдарға ұштасып отырған. Исламға дейінгі Тәңірлік дүниетаным бойынша әруақтарға сену, өлген адам іс жүзінде басқа бір дүниеде бізбен қатар тіршілік кешіп жатыр деген түсінік орын алған. Өлген адамның жыл толған асында ұлан-асыр той жасау оны ғажайып бір өмірге біржола шығарып салу дәстүрімен сабақтас. Бұл орайда дүниенің соңы «ақыр заман» деген түсінікті адамның тууы, жаратылуы, өмір сүруі, өлуі және о дүниеде қайта жасауы сияқты белгілі бір жүйеге, циклды тәртіпке түскен тізбегінің соңғы және қорытынды бөлімі деп қарауымызға болады.

Адамзаттың уақыт пен кеңістікті ұғынудың басталғанына 2500 жылдай уақыт өтіпті. Соған қарамастан бұл мәселеге деген қызығушылық, философтардың және басқа ғылым өкілдерінің кеңістік пен уақыт табиғаты төңірегіндегі айтыстары тоқтар емес. Кеңістік пен уақыт мәселесіне деген қызығушылықтың үнемі артып отыруы бір жағынан алғанда табиғи әрі заңды нәрсе, бұл факторлардың адам тіршілігінің барлық қырларына ықпалын елестету мүмкін емес. Кеңістік пен уақыт ұғымдары – табиғаттың аса маңызды және ең жұмбақ қырларының бірі, бұл біздің санамызға салмақ түсіреді. Әр түрлі заман ойшылдарының кеңістік пен уақыт категорияларын түсінуі, қойылған сұрақтарға деген жауаптары алуан түрлі. Бұл кездейсоқ емес.

Қазақ тұрмысының әлеуметтік болмысына назар аударсақ, «заман», «дүние», «ел», «жұрт», «халық», «қауым», «дәуір», «кезең» «зар заман», «дүние», «дәурен», «ақыр заман», «қауымдастық», «әлеумет», «жамағат», «ағайын» ұғымдарын жиі қолданамыз әрі үнемі кездестіреміз.

Осы аталған ұғымдар бір мәндес деп айтуға болады, алайда әр сөздің, әр ұғымның өзіндік әлеуметтік мән-мағынасы бар. Соның бірі – дүние, қазақ философиясындағы ең ауқымды ұғымы. Бұл ұғымның қолданылу аясы кең, әрі тереңде. Ең алдымен, бұл бар дүние немесе болмыс атаулының жалпы сипаттамасы. Ел аузында «дәуренім, заманым өтіп барады» деген сөз тіркесі жиі қолданылады. Бұл сөз тіркесінің мәні өмірдің өзгермелі екендігін дәлелдейтіні анық. Әрине бұл уақыт пен кеңістік ұғымдарымен байланысты. Өтіп бара жатқан уақыт, өмір, заман. Абай сөзімен мысал келтірсек: «Дүниеде Алладан басқаның барлығы да өзгермелі, үдемелі. Қоғам, дейді ойшыл, ұдайы ұрпақ ауысуынан тұрады. Дүние бірқалыпты тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бір қалыпты тұрмайды. Адам баласын замана өсіреді, кімде-кім заман болса, замандасының бәрі жазықты» (Абай, 2002: 336). Бұл түсіндірмеде заман, уақыт, дәуір – адамды қалыптастыратын қуатты әлеуметтік факторлар. Дегенмен аласапыран заманның көп қырлылығы таң қалатын нәрсе емес. Уақыт өткен сайын жаңашылдық, жаңа көзқарас болатыны анық. Бұл бөлімде қазақ халқының әлеуметтік болмысына тән бітімдік, бірегей ұғымдар «заман», «қилы заман», «зар заман», «ақыр заман», т.б. жекелеген түсінік беру арқылы мазмұнға мән беріледі. Заман ұғымы қазақ халқының ойлау болмысын, ұлттық дүниетанымын, тұтастай алғандағы көшпенділердегі әлеуметтілікті сипаттайтын қалыптасқан дәстүрлі түсінік. Әрбір халық тарихи даму кезеңінде өз болмысын ойлау жүйесі мен дүниетанымы арқылы зерделейді. Қоғамдық ойдың ұлттық және әлемдік қарым-қатынасы бүгінгі күннің өзінде маңызды мәнге ие.

Ғылым саласында жиі қолданылып жүрген және де күнделікті өмірімізде басты орын алатын қоғам түсінігі қазақ дүниетанымында қандай мәнге ие? Біз қазақ халқының әлеуметтік болмысын қоғамға жатқыза аламыз ба? Әлде осы айтылып отырған қоғам және заман ұғымдарының мәні бірдей ме? Мүмкін, аталмыш қоғам түсінігін өзіміз «заман» ағымына орай қолданысқа енгізіп алдық па? Егер тереңге үңілсек, қазақ санасына қоғамнан гөрі

«заман» деген мағыналы ұғым жақын. Сонда «қоғам» мен «заманның» қандай сапалық айырмашылығы бар? Заман – қазақ халқының ойлау болмысын, ұлттық дүниетанымын, тұтастай алғанда көшпенді қоғам әлеуметтілігін сипаттайтын қалыптасқан дәстүрлі түсінік, ал қоғам – өзіміз үйренген термин. (Есім, 1997: 6).

Кеңістік пен уақыттағы адам болмысының қыр-сырын аша түсу мәселесі үнемі ғылыми тереңдікті, шынайы сезімді қажет ететін құбылыс. Себебі, адам табиғаты өзінің күрделілігі жағынан дүниеде ешқандай нәрсемен салыстыруға келмейді. Жалпы, адам өмірінің мәнін ашу, мағынасын көрсету алдағы уақытта жалғасын таба беретін ғылыми ізденістердің қатарына жататыны белгілі. Қазақ дүниетанымы шеңберінде кеңістік пен уақыт категориялары алғаш рет онтологиялық тұрғыдан қарастырылып, олардың орны мен қолданылу аясы мәдениет философиясы тұрғысынан да толықтырылды. Кеңістік пен уақыт ұғымдарының қазақ философиясында сипатталуы, өте тереңде. Себебі, алдымен түркілік тарихи кезеңдегі, кейінгі қазақы тарихи белестегі «адам – әлем» қатынастарындағы кеңістік пен уақыт негізінен әлеуметтік-мәдени бастаулардан туындайды. Осыдан қазіргі кезеңдегі қазақтың болмысын тану үшін түркілік кезеңдегі ойшылдардың философиялық түсініктеріне назар аудару қажеттілігі туындайды.

Талқылау

Кеңістік пен уақыт жөнінде ерекше ой айтқан Иммануил Кант болды. Оның ойынша, олар адамға тәжірибеден бұрын, тыс берілген. Кеңістік – сыртқы сезімнің, ал уақыт – ішкі сезімнің формасы. Тек солар арқылы ғана адам өз дүниетанымын белгілі бір тәртіпке келтіре алады. Орта ғасырдағы ойшылдар кеңістік пен уақытты Құдайдың жасампаздық іс-әрекетімен теңеді. Дүние өтпелі болып кеңістік пен уақытқа берілген, тек Құдай ғана – мәңгілік, олардан тыс жатыр.

XX ғасырдағы әлемдік және Кеңестік философияда кеңістік пен уақыт мәселесі,

негізінен философиялық онтологияда қарастырылды. Бұл әсіресе неміс ойшылы М. Хайдеггерге тән. «Уақыт және болмыс» деген басты еңбегінде: Уақытша деген өтпелілік, яғни уақыт ағымымен өтетін деген сөз. Себебі, уақыттың өзі өтіп жатыр. Бірақ уақыттың үнемі өтіп жататынына қоса, ол уақыт түрінде қала береді. Қалу жоғалып кету емес, демек қатысу дегенді білдіреді. Осылайша уақыт болмыспен анықталады. Онда қалайша болмыс уақытпен анықталуы мүмкін? Уақыт ағымының тұрақтылығынан болмыс сөйлейді. Сонда да біз еш жерден уақытты затқа ұқсас бір бар нәрсе ретінде таба алмаймыз.

Болмыс ешқандай зат емес, ол бір уақытша нәрсе десек те, қатысу түрінде ол бәрібір уақытпен анықталады. Уақыт ешқандай да зат емес, демек ол бір бар нәрсе де емес, бірақ өз ағымында тұрақты болып қала береді, өзі уақыт ішіндегіге ұқсас уақытша еш нәрсе емес болғандықтан да болар. Болмыс пен уақыт бірін-бірі өзара анықтайды, сондықтан бірінші болмысты уақытша деп, екінші уақытты бар нәрсе деп қарастыруға болмайды. Осының барлығын ойластыра отырып, біз өзара қарама-қарсы көзқарастарды айналдырамыз. (Хайдеггер, 1993: 429).

Психологиялық кеңістік пен уақытқа келер болсақ, оның да өз ерекшеліктері бар. Ол тек адамға тән нәрселер. Ол дүниені адами қабылдау мүмкіндіктерімен бірге оның іс-әрекетімен тығыз байланысты. Егер адам өте қызықты шығармашылық іспен айналысып жатса, онда уақыттың қалай өткенін байқамай қалады. Жалғыздық адам уақытын қорғасын басқандай басып баяулатады. Ағылшындар айтқандай, ісі жоқтық адамның миын шайтанның шеберханасына айналдырып, ақырында адам ішімдікке, нашақорлыққа салынып, я болмаса қылмыстық жолға түсіп, өзін-өзі жоғалтып, жалғыз-ақ берілетін өмірінің быт-шытын шығарады (Мырзалы, 2008: 644).

Ал қазақтардың дәстүрлі дүниетанымында кеңістік пен уақыт болмыстың құрамдас бөлімі ретінде алынады. Алғашқы тұрмыстық ойлаудағы уақытты қабылдауды қазіргі кездегі үстем ойлау принциптерімен салыстырсақ,

объект немесе іс-әрекет ежелгі ойлау жүйесінде екі бірлік түрінде қабылданады, атап айтсақ: «өмір – өлім», «оң – сол», «жүп – тақ», «үлкен – кіші», «жоғары – төмен» және т.б.

Кеңістік пен уақыт туралы терең түсініктерді біз араб тілді ортағасырлық фәлсафадан таба аламыз. Әлемдік ойшылы Ибн Сина өзінің «Физика» атты еңбегінде бұл ұғымдарға көп көңіл бөледі. (Ибн Сина, 324: 371). Бұл өте күрделі болып табылады.

Уақыт – үлкен мәнге, ауқымды мағынаға ие философиялық категориялардың бірі. Қазақ халқының, ұлтымыздың тілдік қорының негізінде кеңістік пен уақыт туралы негізгі пайымдауларды білеміз. Уақыт ұғымы адамның оқиғалар алмасуын қабылдауынан, әр түрлі заттар мен процестердің айналымы, ұласуын ұғынуға тырысуы негізінде пайда болды. Қазақтың уақыт мөлшерін білдіретін ұғымдарының дені көшпенді тіршілікке тікелей байланысты екені даусыз.

Көшпенділікті дәстүрге айналдырған қазақ халқы өздерінің тіршілік болмысына арқау етіп, ең алдымен уақыт пен кеңістікке қатысты таным-түсініктерін қалыптастыра білді. Қазақ дүниетанымында көшіп-қонудың тарихта белгілі «көлденең бағыттағы» және «тіке бағыттағы» екі түрі болған. Олар ең алдымен жылжымалы шаруашылықтағы малдың құрамымен, көшпелі қауым өмір сүрген табиғи-климаттық жағдайларға байланысты болған. Бұл шаруашылық қимыл-қозғалыста, үнемі өзгерістер үстінде болғаны белгілі. Қозғалыс белгілі бір уақыт аралығында белгілі бір арақашықтықты игеріп жүзеге асады. Қозғалыс кеңістікке де, уақытқа да тікелей байланысты. Адам уақытты да, қозғалысты да тоқтата алмайды. Көшпелі шаруашылықтың түрі Қазақ жеріндегі климаттық және ландшафттық ерекшеліктерді ұтымды пайдалана білген. Оны маусымдық жайылымдардың алмасуы деп атауға болады және ол Қазақстан территориясында номадтық типтің XX ғасырдың басына дейін басым болғандығын дәлелдейді (Ғабитов, 1998: 24-25). Атап айтсақ, жауын-шашыны молырақ және мал азығы жеткілікті Солтүстік Қазақстанның орманды далаларын, таулы,

өзен-көл аңғарларын халық жайлау ретінде пайдаланған. Қыста қары аз, тебінге қолайлы оңтүстіктегі және орталықтағы аймақтар қыстау үшін таңдалынып алынған. Көктеу мен күздеу мал қыстайтын жерлерге тікелей жалғасып жатқан.

Ежелгі қазақтар үшін білім жүйесіндегі аса маңыздылары астрономиялық, географиялық, медициналық білімдер болды, себебі көшпенді халық жыл мезгілдерінің ауысуын үнемі болжап отыруға мәжбүр еді, сонымен қатар көшпенділік өмір салты да аз рөл атқарған жоқ. Күн мен Айды бақылай отырып олар табиғат құбылыстары туралы білімдерін жинақтады, күннің батуы мен шығуын, күн жүйесінің қозғалысын, тәуліктің уақытын анықтады. Оқиғалар қашан және қай жерде болып жатыр, күндіз бе, түнде ме, жазда ма немесе қыста ма, жас кезінде ме әлде қартайған шақта ма, бұрынғы өткен заманда ма әлде қазір ме. Күнделікті өмір тіршілігінде жинақталған білім негізінде көп нәрсеге қол жеткізгені анық. Сол уақыттағы шұрайлы жерлерді, мал жайылымына қолайлы жерлерді бұлген халық қой. Өзі мекен еткен кеңістіктің барша қадір-қасиетін танып білу, сол кеңістіктегі құбылыстарды уақытпен байланыстыра зерделеуге қалыптастыру-көшпелілер үшін өмір сүрудің негізгі кепілі. Көшпенді адам өзін қоршаған ортаны әлемдік кеңістікпен бірлікте қарастырып, оны өзіндік уақыттың негізгі заңдылықтарына бағындырып, көндіре білді. Мысал ретінде, «Қазақтың әлем туралы түсінігінде әсерлі бейненің бірі – алып бәйтерек. Дүниежүзілік ағаш таңбасы – өрлемелік қозғалысты, Жер мен Аспанның тығыз байланысын білдіреді. Әлемдік ағаштың тағы бір атқаратын қызметі оның жоғары және орта дүниені, сонымен қатар үшінші әлем – төменгі дүниемен байланыстыруында. Тірілер әлемі өткен көзбен, аруақтар аймағымен қатынасын үзбейді деген пікір бар. Көктеректің тамырлары жер астында орналасқан жасыл желек өмірлік ағаш күш пен қуат және нәрді төменгі дүниеден алады» (Ғабитов, 1998: 144).

Сондықтан, ата-бабаларымыз өздерін қоршаған кеңістікке қатысты уақыт

категориясын күн мен түн, қыс пен жаз, өмір мен өлім арасындағы сабақтастықты реттейтін өлшем ретінде қабылдаған. Сонымен қатар көшпелі қазақ халқы уақыт пен кеңістікті бір-бірінен ажыратпай, алыстатпай, тұтастықта танып білуді дәстүрге айналдырған. Уақытқа байланысты құбылыстарды кеңістік категориясында, кеңістікке қатысты құбылыстарды уақыт категориясында өрбітіп отыру көшпелілер дүниетанымынан айқын байқалады. Мысалы, халқымыз табиғатпен біртұтастықта өмір сүргендіктен, астрологиясыз да жұлдыздарды айырып, метрологиясыз да ауа райын пайымдап, алдын-ала болжап, таудың биіктігін көз қиығымен, қашықтықты өмір тәжірибесімен аңғарады.

Зерттеуші А.Тойнби: «аңдарды үйретіп, қол малы жасауы, өсімдік жинауға үйреніп, оны өсіріп, қорек етуден гөрі биігірек өнер, өйткені ол адамның ақыл-ойы мен ерік-күшін қажет етеді. Көшпенділер ат болмағанда, мұншама маң даланы бағындырып, керемет қатаң табиғи жағдайда өмір сүре алмас еді, олардың сұңғыла да ұстамды, күшті де, төзімді болып келуі ат үсті өмірінен» (Тойнби, 2011: 122) – дейді. А.Тойнбидің айтып отырған пікірінде үлкен мән бар екені көрініп тұр. Мұндай өмір, тіршілік көзі қазақтың негізгі дүниетанымын қалыптастырғаны анық.

Л.Н. Гумилев «көшпенділер» деген ұғымды абсолюттендірді. Шын мәнінде ұлы сахарадағы халықтың негізгі кәсібі мал бағу болғаны рас. Бұл шаруашылық халықтың күн көрісі болғаны рас. Сонымен бірге ол егін де екті, қолөнерін де дамытты, қала да салды. Бір сөзбен айтсақ, атқа қонған көшпенді географиялық кеңістікті игерді, астрономиялық білімге ұмтылды, зат айырбастау, жаудан қорғану мен шабуылға шығу, металл балқытуды игеру, әскери өнерді жетілдіру, атты әскер мен әскери арбаларды қолданып, бұрын-соңды болмаған жеңіске жетуі көшпенділерді замананың иесі етті. Л.Н.Гумилевтің қазақ дүниетанымына, оның өмір сүру тәртібіне берген анықтамасы дәл айтылған. Мұндай дәрежеге жету мақсатында қазақ елінің мал мен егін, көшу, қону мәселелерінен бөлек оларды үлкен ғылыммен ұштастырғаны

белгілі. Қандай жағдай болмасын, кез келген қиындыққа төтеп беруге дайын болғаны анық.

Философия тарихында кеңістік пен уақыт мәселесіне тоқталмаған ойшыл жоқ. Совет физиологы, академик П.К. Анохин «уақыт пен кеңістік тіршіліктің пайда болған сәтінен бастап барлық тіріге әсер еткен бірденбір негізгі фактор болып табылады» деп айрықша атап өтсе, Е.Г. Яковлев «уақыт бойынша жеке адам болмысы теориясының қалыптасуы бүгінгі таңдағы ғылыми адамтанудың маңызды мәселелерінің бірі» деп тұжырымдайды. Әдебиеттанушы академик Д.С. Лихачев «әдебиет басқа өнермен салыстырғанда әлдеқайда уақыт өнеріне айналады. Уақыт – оның объектісі, субъектісі және бейнелеу құралы» (Подольный, 1983: 312) деген ойға келеді. Бұл ойлардан негізі түйін шығарсақ, уақыт ұғымының көп мәнділігіне алып келеді. Адамзаттың өмірлік тәжірибесін сараптаушы, саралаушы уақыт жүйеленген философиялық уақытты құрайды. Уақыт тек адам арқылы танылады. Егер уақытты үздіксіз процесс деп танитын болсақ, оны өз ішінде кеше, бүгін, ертең деп бөлетін, мазмұн беретін – Адам.

К.Маркс «Капитал» еңбегінің алғашқы бір қолжазбасында уақыт жеке адам дамуы үшін кеңістік деген (Әбішев, 2001). Яғни, адамның дамуы кеңістіктен көрі уақыттың шеңберінде өрістейді. Бұл айтқанымыз адам дамуында кеңістіктің ешқандай ролі жоқ деген сөз емес. Тек уақыт болмыстың формаларының қатар өмір сүруі емес, олардың бірінен екіншісінің туындап бірте-бірте ұласуы. Адамдар өздеріне дейінгі қалыптасқан табиғаттағы физикалық, т.б. кеңістік пен уақытты өз практикасында игереді, әрі дамытады. Соның негізінде кеңістік пен уақыттың әлеуметтік формасын жасайды. Ол формалар да тарихи өзгеріп отырады. Батыс ойшылы Жиль Делез кеңістік категориясы туралы: «кеңістікті сырт жағынан қарап топшылау мүмкін емес, оны тек өз ішінде саяхаттау арқылы ғана тануға болады. Дала тұрғыны көшпенді үшін кеңістік көз мөлшермен өлшенбейді. Көшпенділер кеңістікті бөлмей, керісінше кеңістікке бөлінеді», – дейді (Федянина, 2002: 22).

Нәтижелер

Қазақ халқының табиғат сырын, тылсымын бағзы заман уақытынан түсініп, оларды өздерінің тұрмыс-тіршілігіне арқау қылып, қолдана білген. Атап өтсек, ауа райын болжау тәсілдері адамды таңқалдырады. Қысы-жазы далалық өмірде тіршілік еткен халық өздері тұрған өлкенің табиға ерекшеліктері мен сырын, құпиясын терең ұғынғаны соншалықты, түнде жұлдыздарға қарап жол тауып, жануарлар мен жәндіктердің тіршілігіне мән беріп, зер салып, ауа райын күні бұрын болжап, ерте қамданып отырған. Жылдың он екі айындағы табиғат құбылысына байланысты халықтық қағидаларға қалыптасқан болжамдар мен оның атаулары және реті болған. Жыл он екі айда айналып келетін, ыстық пен суықты, қар мен жаңбырды, жел мен боранды қазақ халқы бір сөзбен «амал» деп атаған. Әр жылдың әр мезгіліндегі табиғат құбылыстарының өткінші, әрі тосын, аз уақытта болып өтетін өзгерісі, сонымен қатар көрінісін, оның бірнеше түрлерін айтқан. Ұлттық сандық ұғым жеті амалды құрайды: «Күннің тоқырауы», «Қарашаның қайтуы», «Үркердің батуы», «Мұздың қатуы», «Киіктің матауы», «Қыс тоқсан», «Ай тоғамы». Бұл жердегі берілген ұғымдар уақыт пен кеңістік ұғымдарының айырылмасын дәлел етіп тұрғаны айқын.

Сонымен қатар, халқымыз уақытты анықтауда аса бай тәжірибе жинақтай алған. Жыл, ай, апта, тәулік секілді уақыт бөліністерін өздерінің шаруашылығына сай реттеп, күнделікті тұрмыс ыңғайына келтіре жобалаған. Яғни уақытты сағатпен, қашықтықты метрмен, шақырыммен өлшемесе де оларды дәл болжай білген. Ұлттық ұғымымыздағы уақыт мерзімдерінің қазіргі өлшем бірліктерінен көп айырмасы жоқ. Ол көбінде сол өңірге тән қарыс сүйемдермен өлшеніп отырғандықтан, тегіс, бірыңғай, бір қалыптан шыққандай көрікті әрі әдемі болып жасалған.

Бұл өлшемдер уақыттың, мезгілдің шамасы мен ұзақтығын да бірдей білдіретін жан-жақты ұғымдар. Көшпенді қазақ уақыт пен кеңістікті бір-бірінен ажыратпай, тұтастықты танып түсінуді дәстүр еткен. Белгілі ғалым, этнограф А.Сейдімбектің айтуынша, қазақ тіліндегі «ұзақ» деген

сөз уақыт пен кеңістікке бірдей қатысты. Бұған «ұзақ жол», «күн ұзақ», «жол ұзарту», «уақытты ұзарту», т.б. сияқты тіркестер дәлел бола алады (Сейдімбеков, 1997: 96).

Мезгіл сол уақыттың бір сәтін ғана айқындайды. Мысалы, елең-алаң, түс-кеш, түн ортасы т.б. Қыс, көктем, жаз, күз – мезгіл өлшемдеріне жатады. Мерзім өлшемдері: бір сәт, қас қағым, ә дегенше, сүт пісірім, бие сауым, ет пісірім, жарты күн, жарты түн, апта, ай, тоқсан, жыл, ғасыр. Бұл тіркестер тез немесе ұзақ болатын мерзімдік өлшемнің белгілері. Адам өмірі де жас, мүшелмен есептеліп, бірнешеге бөлінеді. Сонымен қатар мерзім өлшеміне күн, ай аттары да жатады.

Көшпенді қазақтың уақыт пен кеңістік туралы таным түсінігі, кең мағынасында екі түрлі категориямен көрсетіледі. Біріншісі – мифтік уақыт пен кеңістік, екіншісі – нақты уақыт пен кеңістік. Мифтік уақыт дегеніміз – дүние тіршіліктің алғашқы жаралуына қатысты таным түсінікпен байланысады. Бұл уақытта көп жағдайда әлімсақ, баяғыда, бағзы заманда, есте жоқ ескі заманда, ертеде, ертеректе, т.б. деп келетін уақыт пен кеңістікке қатысты ұғымдар қолданылады. Мифтік уақыт өлшемінде сабақтастық болмайды, тек белгілі бір оқиғалық кезеңдерді ғана сәйкестендіріп отырады. Мифтік уақыттың мәні нақты өмірмен сабақтастықты байланыстыру емес, нақты уақыт өлшемінен тыс кезеңдерді айтып, дүние-тіршіліктің жаралуына қатысты таным-түсінікке жауап береді. Сондықтан да, мифтік дәуір туралы айтылатын нақтылы оқиғаның өзі субъективтілігімен ерекшеленеді. Сөйте тұра өткен өмір туралы байырғы санаға әлеуметтік мағына дамып отырады. Ал, нақтылық уақыт пен кеңістік категориясына ден қойғанда, көшпелі қазақтың барша таным мен түсінігі тікелей өмірлік тәжірибесімен байланысып жатады.

Қазақтар өзінің ұланғайыр даласында бір ғана өлшемдер арқылы уақыт пен кеңістікті жобалап отырған. Мысалы, апталық жер, бір күндік жер секілді уақыт өлшемдері бір нүктеден екінші нүктеге дейінгі ара қашықтық қана емес, кететін уақыт мерзімін білдіреді. Сол сияқты күндік жер, күні ертең, күні кеше сияқты тіркестерді айтуға болады. Уақыт мезгілдерін анықтауда мынадай теңеулер бар: құланиек, таң сәрі,

құлқын сары, таң бозара, таң біліне, шаңқай түс, тал түс, сәске түс, түс ауа, түс қайта, кеш, күн қызара, күн көтеріле, көлеңке басы ұзара, қас қарая, ымырт, күн бата, бейуақыт, ай туа, т.б. қазақы қолданыстағы тіркестер әлемнің ешқандай тілінде кездеспейтін теңеу сөздер. Осы қолданыстағы тіркестер ұзақ жылдар бойы қолданыста болды, кейбіреулерін әлі күнге дейін қолданып жүрміз.

Қазақтың кеңістікке қатысты өлшем жүйелерін «ұзындық өлшемі», «уақыт өлшемі» деп екі түрге бөлуге болады. Қазақ ұзындық өлшемдеріне қатысты бір елі, бір сүйем, сынық сүйем, бір қарыс, бір қадам, бір құлаш, әудем жер, айғай жетер жер, көз көрім жер, көш жер, тай шаптырым, ат шаптырым жер сияқты ұғымдар бар. Сонымен қатар, биіктік өлшемдеріне қатысты «кісі бойы», «арқан бойы» теңеу сөздерін қолданған. Сондай-ақ, халық арасында көлемдік, аумақтық өлшемге жататын сөздер бар. Халық арасындағы көлемдік, аумақтық өлшемге жататын от орнындай, үй орнындай, бір қора қойдың орнындай, тышқан інінің аузындай, жерошақтай, даладай, есіктей, оймақтай, иненің жасуындай, түймедей, тулақтай, сырмақтай, аюдың апанындай, түйенің не шөнжіктің аузындай, т.б. атаулар бар.

Уақыт өлшеміне қас-қағым, көзді ашып-жұмғанша, ауызды жинап алғанша, бие сауым, сүт пісірім, шай қайнатым, ет пісірім, сәске көтерілген уақыт, талтүс, ақшам, екінті, ел жата, жұлдыз шыға, үркер жамбасқа түсе, жарты күн, бір күн, т.б. тіркестер жатады. Осындай нақты деректер Г.К.Қалиқызының еңбектерінде кездеседі (Қалиқызы, 2000: 142). «Қас-қағым», «көзді ашып жұмғанша» жарты секундтық, одан да өте қысқа уақытты меңзейді. Ал «ет пісірім» уақыт 2-3 сағаттық уақытқа сәйкес келеді. Бұл деректерден уақыт пен кеңістікке қатысты өлшемдерінің барлығы да халқымыздың ғасырлар бойғы негізгі кәсібі мал шаруашылығымен байланысты пайда болғанын байқаймыз. Шындығында бұл сәйкестендіріле айтылған өлшемдер жай айтылғандар емес.

Сонымен қатар, қазақ болмысынан көшпелі өмір салтына негізделген табиғат туралы таным-түсінігі өзіндік ерекше өзгешелігімен ерекшеленеді. Халықтың ешкімге ұқсамайтын өзгешелігі деуге

болады. Қазақ дүниетанымындағы кеңістік ұғымы басқа көшпенді халықтар түсінігіндегі уақытпен қатар дамыған, қозғалмалы, мобильді категория болып табылады. Өйткені қазақтардың әлемдік образы көшпенді өмір салтымен күн кешкені анық. Бұл дегеніміз, қазақ халқының үнемі жолда, қозғалыста, дамуда болғандығын аңғартады. Ал, қазақтардың көшпенді өмірінің басым бөлігі кеңістікті игерумен байланысты. Олардың ішкі жан дүниесінің ұлылығы дүниені қабылдауының мағыналық тереңдігіне және аспан әлемімен біртұтас түсінікте болғанына сәйкес келеді. Бұл жағдайда қазақ халқы өзін ерекше тіршілік иесі ретінде әлемнен бөліп қарамайды, әлем ол үшін ашық, әрі кең. Мұндағы негізгі құндылық – кеңістікте еркін орналасу және еркін қозғалу. Ең жоғарғы құндылық қозғалыс, белгілі бір территорияда мәңгілік тұрақтап, шектеліп қалмау. Дүниедегі қозғалатын, өзгеретін, ағыста болатындардың барлығы көшпенді қазақ халқы үшін құнды болып келді.

Қазақ мәдениетінің типологиясын зерттеумен айналысушы ғалым, профессор Т.Х. Ғабитов уақытты мынадай негіздерде атап көрсетті: 1) Бір бағыттағы уақыт; 2) Қайталанбалы уақыт; 3) Оқиғалық уақыт (Ғабитов, 2021: 30-36). Негізгі субъектілеріне қатысты уақытты бүкіладамзаттық, этностық, тұлғалық деп бөледі. Енді жоғарыда аталған уақыттың түрлеріне тоқталып, түсіндірме жасайық. Реалды уақыт пен кеңістік бізден тыс объективті түрде болып жатқан құбылыстарға, олардың алмасу, орын ауыстыру өзгешеліктеріне қатысты. Адамзаттың ұғымында олар туралы түсініктің болуы да, болмауы да мүмкін. Алайда реалды уақыт пен кеңістік шексіз.

Концептуалды уақыт пен кеңістік – табиғат, аспан денелері, қоршаған орта туралы біздің санамызда жинақталған ұғымдар. Бұл іс жүзінде реалды уақыт пен кеңістіктің санамыздағы үлгісі болып табылады және ондай үлгілер әмбеге таныс, көпшілік қабылдаған болуы шарт. Мысалы, әр халықтың өз бетінше қолданатын ай, күн күнтізбесін, мүшел, жыл санау, жыл қайыру ерекшеліктерін атап кетсек болады.

Перцептуалды уақыт пен кеңістікке келер болсақ, бұл ұғым адамдардың сезім-

түсініктерінің, психологиялық сәттерінің өзгеріп отыруымен сәйкес келеді. Мысал келтірсек, көркем шығарманың немесе белгілі бір оқиғаның өз ішінде ғана жүріп отыратын уақыт пен кеңістікке қатысты адамдардың көңіл-күйінің өзгеріп отыруы осының негізі болып табылады. Уақыт пен кеңістіктің үш түрлі өлшемі тұрғысынан белгілі бір оқиғаны алсақ, онда реалды уақыт пен кеңістікте материалдық объект, концептуалды уақыт пен кеңістікте реалды немесе ойдан шығарылған іс-әрекеттердің жинақталған үлгісі, соңғы концептуалды өлшемде оқиғаның негізгі образының жиынтығы қарастырылады. Сондай-ақ мәдени субъектілерге қатысты уақытты бүкіл адамзаттық, этностық, тұлғалық деп бөледі. М. Бахтин ғарыштық, биологиялық, тарихи уақытты атап өтеді.

Уақыт және кеңістік категорияларымен мәдениеттегі санау да негізгі ұғым болып табылады. Үнді еуропалық мәдениеттегі үш жақтылық қазір біз қозғайтын мәселе емес. Оның шешімі былай болса керек. Бір замандарда үш саны белгілі бір шек болып, ұзақ уақытқа дейін созылып, әрі қарай саналмады. Бестік және ондық бойынша санау бұл болашақтың жеңісі. «Үш» бір замандарда «көп» дегенді білдірген, ал «көп» – «күшті», «өте» дегенді, яғни көптік арқылы интенсивтікті білдіреді.

Мақалада дәстүрлі қазақ дүниетанымындағы кеңістік пен уақыттың түрлерін анықтап, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізу көзделді.

1. Көшпенділер, яғни қазақ қалқының әлемінің уақыттық-кеңістіктік тұтастығын, архетиптерін, хронотоптарын анықтау, ұлттық ойлау жүйесіндегі кеңістік пен уақыт түсініктерінің қыр – сырын, типтік ерекшеліктерін ажырата білу;

2. Қазақ халқының дәстүрлі түсінігін, дүниетанымын, оның даму жолдарын анықтау, «кеңістік» пен «уақыт» ұғымдарына қатысты дүниетанымдық мұраларымызды талдай отырып, негізгі дүниетанымына үңілу;

3. Қазақ дүниетанымындағы, оның өмір сүру тәртібіндегі кеңістік пен уақыттың типологиясына үңіле отырып, әлемдік уақыттық – кеңістіктік тұтастықты игерудің номадалық тәсіліне басты назар аудару,

оның тұйық шеңберлік және тылсымдық әдісіне көңіл аударылды;

4. Қазақ дүниетанымындағы кеңістік пен уақыт туралы түсініктердің ерекшеліктерін философиялық тұрғысынан зерттеу және осы арқылы қазіргі «кеңістік» және «уақыт» категорияларына көңіл аудару.

Қорытынды

М. Әуезов атап өткендей, «... кез келген халықтың рухани әлемі қаншалықты бай болғанымен, ол ұлттық әлемі болып қала береді. Ол белгілі бір кеңістік пен уақыт ортасында өсіп өнеді, оның мәнін, оның мүддесін білдіреді» (Ауезов, 1993: 31-62).

Уақыт пен кеңістік мәселелері адамдарды тек рационалистік тұрғыда ғана емес, эмоционалды деңгейде де үнемі қызықтырып отырды. Адамдардың өздерінің өткеніне өкініп қана қоймай, болашаққа күдікпен қарап, өмір бар жерде өлімнің бар екенін біледі. Адам баласының ең таңдаулы ойшылдары өмір бойы кеңістік пен уақыт мәселесімен айналысумен болды, алайда санаулысы ғана өздерінің теорияларын жасап, болмыстың іргетасы атрибуттарына сипаттама бере алды.

Қазақтың дүниетанымындағы кеңістік ұғымы, өзге де көшпенді халықтар түсінігіндегі уақытпен қатар дамығын, қозғалмалы, мобильді категория. Себебі қазақтардың әлемдік образы номадалық шеңберінде қалыптасты. Бұл қазақ халқының үнемі жолда, қозғалыста, дамуда болғандығын аңғартады. Көшпенді өмірінің басым бөлігі кеңістікті игерумен байланысты. Олардың ішкі жан дүниесінің ұлылығы, дүниені қабылдауының мағыналық тереңдігіне және космоспен біртұтас органикалық түсінікте болғандығына келіп саяды. Қазақ өзін ерекше тіршілік иесі ретінде әлемнен бөліп қарамайды, әлем ол үшін ашық, әрі кең. Көшпенді жолын ұстанған қазақ үшін негізгі құндылық кеңістікте еркін орналасу және еркін қозғалу. Дүниедегі қозғалатын, өзгеретін, ағыста болатындардың барлығы көшпенді қазақ үшін құнды. Кеңістікті игеру дегеніміз тек дүниені тану ғана емес, көшпенді қазақ бақытқа, махаббатқа, еркіндікке ұмтылуы.

Әр халықтың әлеуметтік кеңістігі мен уақыты өзіндік ұлттық ерекшеліктері арқылы емес, керісінше, кеңістігі мен уақыты арқылы айқындалады. Өйткені, олар кеңістікте орналасу арқылы уақыт өлшемін қалыптастырады. Осыған сәйкес әрбір халықтың белгілі бір кеңістік аясында салт-дәстүр, әдет-ғұрпы, тілі, діні, мәдениеті және т.б. түзеледі. Мысалы, қазақ халқының әлеуметтік кеңістігі мен уақыты күнделікті тұрмыс нышанынан айқын байқалса, аталмыш ұғымдар өзге халықтар дүниетанымында әр түрлі сипатқа ие.

Көшпенді қазақ халқы өзге бір өркениеттер секілді табиғат ананы өзгертуге немесе оған үстемдік етуді мақсат етпеді. Керісінше табиғатты қасиет тұтып, онымен үйлесімді байланыста бола білді. Қазақ халқының ұлттық дүниетанымында уақыт пен кеңістік бір-бірінен ажыратылмай бір тұтастықта қарастырылады. Бұл көшпенді өмір сүрген байырғы қазақ халқының экологиялық санасының биіктігі мен уақыт пен кеңістік туралы пайымының аса жоғары деңгейде болғанын көрсетеді.

Көшпенділік – қазақ халқы үшін өте құнды ұғым. Бір кездері халқымызды даттаған да, бүгінде ақтаған да осы көшпенділік. Қазақ даласында орын алған көшпенділік мәселесі – қазақ қоғамына тән дүниетанымының негізі. Олай дейтінім, көшпенділік дәстүрді үлгіге алған қазақ халқының қандай мәселесі болмасын, тарихи, әлеуметтік, тұрмыстық, салт-дәстүрлік, мәдени, т.б. анықтама берерде міндетті түрде «көшпенді» ұғымы тілге тиек ретінде алынады. Заман – көшпенділердегі әлеуметтік өмірді сипаттайтын, қалыптасқан дәстүрлі түсінік, ал қоғамқазіргі тілімізге жатталған термин болып табылады. «Заман» қазақтар үшін ғұмыр кешіп отырған кеңістік пен уақыттың өлшемі, кеңістік пен уақыттың бір ұрпақ шеңберіндегі тұтастығы деп айтсақ қателеспейтін болармыз.

Мақаланы жазу барысында кеңістік пен уақыт категорияларына деген әртүрлі философиялық көзқарастарға талдау жасалынды. Кеңістік пен уақыттың негізі ретінде адам мен табиғат арасындағы өзара үйлесімділік белгіленді. Жасалған жұмыстың соңында төмендегідей қорытындылар алынды:

1. Қазақ дүниетанымы негізінен еуропалық формалардан өзгеше, философиялық емес типтерде (миф, нақыл сөздер, халық даналығы, толғау, т.б.) баяндалды. Мұның өзі қазақ дүниетанымында кеңістік пен уақытты рәмізшілдік пен көркем типтік суреттеу басымдылығына әкеледі.

2. Кеңістік пен уақытқа қатысты көшпелілердің негізгі түсіндіріліміне жататындар: үштік бейнелеу (аспан, жер-су, жер асты), әлем ағашы, ата жұрт, аспан таулары, соңғы теңіз, киелі от, тамыр, аспан шырақтары, жеті қат жер, жеті қат көк, алты тарап кеңістік, жеті тарап кеңістік, сегіз тарап кеңістік, мүшел, уақыт ырғақтары, жыл қайтару, т.б.

3. Қазақ дүниетанымындағы уақыт пен кеңістік суреттемелерінде адам тұлғасыздандырылған төрт, жеті, сегіз қиыр шартараптан гөрі, Жарық дүниеде, рухани қарым-қатынаспен қамтылған әлеуметтік өмір сүретіндігі.

4. Қазақ дүниетанымының әлеуметтік болмысы «заман», «дүние», «ел», «жұрт», «қауым», «дәуір», «кезең», «зар заман», «ақыр заман», «қилы заман», «жамағат», «ағайын» ұғымдары төңірегінде топшыланды. Соның ішінде қазақ болмысына жақын «заман» ұғымы – дүниеге тең әлеуметтік философиялық ұғым.

5. Қазақ халқының ұлттық санасына қоғамнан гөрі «заман» деген мағыналы ұғым жақын. Заман – қазақ халқының ойлау болмысын, ұлттық дүниетанымын, жалпы алғанда, көшпенді қоғамды сипаттайтын мазмұнды түсінік.

Кеңістік пен уақыт дәстүрлі қоғам үшін адам еркіндігінің, адам болмысының маңызды іргетасы болып табылатыны белгілі. Кеңістіктегі шексіздіктің тұптамасында үйлесімділік заңы жатқаны қазақ дүниетанымында терең түсіндіріледі. Ал уақыт болса өмірдің бірден – бір маңызды өлшемі екені айқын. Осы екі ұғымның қайсысы болмыстық құрылымдарда мәндік ерекшеліктер ретінде басымдық танытатындығы туралы қайшылықты түсініктердің қазақ болмысына сәйкес келетінін түсіну маңызды.

Әдебиеттер тізімі

- Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2002. – 336 б.
- Ауезов М. Энциклопедия: к проблеме единства миров кочевья и оседлости // Кочевники-Эстетика. – Алматы: Ғылым, 1993. – 287 с.
- Әбішев Қ. Философия: Студенттер мен аспиранттарға арналған оқулық. – Алматы, 2001. – 145 б.
- Бергсон А. Время и свобода воли. – М.: Русская мысль, 1910. – 207 с.
- Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің теориясы мен тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 307 б.
- Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 203 б.
- Есім Ғ. Тағы да қазіргі заман туралы // Ақиқат. – 1997. – №6. – 6 б.
- Ибн Сина. Физика. Әлемдік философиялық мұра: 20 томдық. – Алматы: Жазушы, 2005. – Т.4. – 324-371 б.
- Игнатенко А.А. Ибн Халдун. – Москва: Мысль, 1980. – 160 с.
- Кішібеков Д.К. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. – 122 б.
- Қалиқызы Г.Т. Халықтық өлшемдер // Бастауыш мектеп, 2000. – №3. – 40-42 б.
- Мырзалы С. Философия. – Алматы: Бастау, 2008. – 644 б.
- Подольный Р.Г. Освоение времени. – Москва: Политиздат, 1983. – 143 с.
- Сейдімбеков А. Қазақ әлемі. – Алматы: Санат, 1997. – 463 б.
- Тойнби А. Дж. Постигание истории. – Москва: Прогресс, 2011. – 122 б.
- Федянина Л.Д. Особенности мышления кочевников и современная культура // Евразия. – 2002. – № 6. – С.22.
- Хайдеггер М. Время и бытие: Мыслители XX в. – Москва: Республика, 1993. – 429 с.

Формирование представлений о пространстве и времени в казахском мировоззрении

Айнур Р. Жанғалиева, Жылбек М. Жаңабаев

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.Сейфуллина, Астана,
Казахстан

Аннотация. Проблема пространства и времени в философии рассматривалась как одна из общих важных проблем, независимо от того, в какой исторический период, в какие бы цивилизационные уклады они ни входили. Пространство и время лежат в основе нашего представления о мире. В статье выявляются аспекты проблем пространства и времени, занимающие особое историко-философское место в содержательной структуре казахского мировоззрения, и представлено осмысление относительно типичных черт через анализ этих категорий. Также рассматриваются направления форм пространства и времени кочевой цивилизации и традиционной казахской культуры. На различных примерах наглядно разъясняются понятия пространства и времени в мировоззрении казахского народа и приводится обыденное употребление категорий пространства и времени в национальном видении казахского народа. Раскрывается основная динамика времени и пространства в мировоззрении казахского народа (время, прошлое, мир, кочевая традиция, быт и др.). Существование особых взглядов казахских мыслителей в отношении пространства и времени составляет суть исследовательской проблемы. На конкретных примерах показано, что у казахского народа были свои временные и пространственные измерения, которым был дан философский анализ. В статье анализируются особенности сравнения и отождествления использования категорий пространства и времени. Определено место категорий пространства и времени как основы кочевой жизни казахского народа. Актуальность темы заключается в том, что использование и специфика категорий пространства и времени в казахском мировоззрении

объясняются на различных примерах, а роль и значение в развитии человечества всесторонне раскрываются с философской точки зрения.

Ключевые слова: казахский народ; мировоззрение; пространство; время; эпоха; период; сознание; традиция; социум.

Formation of concepts of space and time in the Kazakh worldview

Ainur R. Zhangaliyeva¹, Zhylbek M. Zhanabayev²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakstan

²S.Seifullin Kazakh Agro Technical University, Astana, Kazakhstan

Abstract. The problem of space and time in philosophy was considered as one of the commonly important problems, regardless of what historical period, no matter what civilizational structures they entered. Space and time are base of our understanding of the world. The article identifies the problems of space and time that take a special historical and philosophical place in the content structure of the Kazakh worldview and the understanding is presented regarding the typical features through the analysis of the these categories. It also addresses the directions of the forms of space and time in the nomadic civilization and traditional Kazakh culture. The concepts of space and time in the worldview of the Kazakh people are clearly explained by various examples and the everyday use of the categories of space and time in the national vision of Kazakh people is provided. The presented article is intended to reveal the main dynamics of time and space in the worldview of the Kazakh people (time, past, world, nomadic tradition, life, etc.). The existence of special views of Kazakh thinkers, characteristic of space and time, is the essence of the research problem. Specific examples show that the Kazakh people had their own temporal and spatial dimensions and they were given a philosophical analysis. The article analyzes the features of comparison and identification in the use of the categories of space and time. The place of the categories of space and time as the basis of the nomadic life of the Kazakh people is determined. The relevance of the topic lies in the fact that the use and specificity of the categories of space and time in the Kazakh worldview are explained by various examples, and the role and significance in the development of mankind are revealed from a philosophical point of view.

Keywords: Kazakh people; worldview; space; time; epoch; period; consciousness; tradition; society.

References

- Abay (Ibrahim) Kunanbayev. Works. (Almaty, Zhazushy, 2002, 336 p.), [in Kazakh].
- Auezov M. Jenkidiada: k probleme edinstva mirov kochev'ja i osedlosti [Enkidiad: to the problem of the unity of the worlds of nomadism and settled way of life], Kochevniki-Jestetika. (Almaty, Gylym, 1993, 287 p.). [in Russian].
- Abishev K. Filosofua: Stýdentter men aspiranttarga arnalgan oqýlyk [Philosophy: a textbook for student s and graduate students]. (Almaty, 2001, 145 p.) [in Russian].
- Bergson A. Vremia i svoboda voli [Time and fre e will]. (Moscow, Russian Thought, 1910, 207 p.), [in Russian].
- Gabitov T.H. Qazaq mádenietiniń teornasy men tarihy [theory and history of Kazakh culture]. (Almaty, Kazakh University, 2021, 307 p.), [in Kazakh].
- Gabitov T.H. Qazaq mádenietiniń tipologuasy. Oqý quraly [Typology of Kazakh culture. Textbook]. (Almaty, Kazakh University, 1998, 203 p.), [in Kazakh].
- Yessim G. Taǵy da qazirgi zaman týraly. Aqıqat [Again about modernity. The truth]. 1997. No.6. P. 6. [in Kazakh].
- Ibn Sina. Fızıka. Álemdik filosofualyq mura: 20 tomдық [Physics. World philosophical heritage: in 20 volumes]. Almaty, Zhazushy, 2005. Vol. 4. P. 324-371. [in Kazakh].
- Ignatenko A.A. Ibn Khaldun. (Moscow, Mysl, 1980, 160 p.), [in Kazakh].

Qaliqzy G.T. Qazaq mentaliteti: keshe, búgin, erteń [Folk measurements. Primary School], 2000. No.3. P. 40-42. [in Kazakh].

Myrzaly. S. Filosofıa. [Philosophy]. (Almaty, Bastau, 2008, 644 p.). [in Kazakh].

Podolny R.G. Osvoenie vremeni [Mastering time]. (Moscow, Politizdat, 1983, 143 p.), [in Russian].

Seidimbekov A. . Qazaq álemi [Kazakh world]. (Almaty, Sanat, 1997, 463 p.), [in Kazakh].

Toynbee A.J. Postjienie istorii [Comprehension of History]. (Moscow, Progress, 2011, 122 p.), [in Russian].

Fedyanina L.D. Osobennosti myshlenıa kočevnikov i sovremennaa kúltúra. Evrazıa [Features of nomads' thinking and modern culture. Eurasia]. 2002.No. 6. P. 22. [in Russian].

Heidegger M. Vremia i bytie: Mysliteli HH v. [Time and being: Thinkers of the twentieth centur]. (Moscow, Republic, 1993, 429 p.), [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Жанғалиева Айну́р Раши́довна – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Жаңабаев Жылбек Маратович – аға оқытушы, С. Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан.

Жанғалиева Айну́р Раши́довна – PhD-докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Жаңабаев Жылбек Маратович – старший преподаватель, Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфулина, Астана, Казахстан.

Zhangaliyeva Ainur Rashidovna – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Zhanabayev Zhylbek Maratovich – Senior Lecturer, S.Seifullin Kazakh Agro Technical University, Astana, Kazakhstan.